

2 апта

Тақырып: Халықаралық тасымалдарды ұйықымдастыру негіздері.

Көліктің жалпы пайдалану және жеке пайдалану түрлері болады.

Жолаушы көлігінің көліктердің басқа түрлерінен бірқатар артықшылық ерекшеліктері бар: жоғары маневрлік, жолаушыларды тікелей еңбек қолданысы орнына жеткізу мүмкіндігі, бұл көлік түрін қалалық, сондай-ақ қаламаңдық, халықаралық тасымалдауда пайдалануға мүмкіндік береді.

Көліктік жүйе деп қалалық тасымалдауда жүзеге асырылатын көліктік байланыстар жиынтығын атайды. Қалалық көлік жүйесін әр түрлі қалалық жолаушы көлігі түрлерімен қызмет көрсетілетін көшелердің көліктік өткелдерінің жиынтығы, сондай-ақ көше желісімен жартылай немесе мүлдем байланыспаған көліктік жерасты жолдары (метро жолдары) құрайды.

Бірден-бір негізгі сипаттама қаланың жалпы алаңы болып табылады – бұл жалпы алаңға қалалық көлік түрімен қызмет көрсетілетін көше өткелдері ұзындығының қатынасы. Қолданыстағы нормативтер бойынша жалпы алаң $\delta=0,7$ болып есептеледі.

Негізгі көрсеткіші бағдар коэффициенті болады, бұл көше ұзындығының бағдар ұзындығына қатынасы.

Бұл коэффициент шанақтағы қаптама және жүкті орналастыру сипатына ие.

Жолаушы автокөлігінің сипаттамасы:

- метрополитен - ірі жолаушыағымды қызмет көрсетеді. Метроның бір жолы бір бағытта 1 сағатта 50-60 мың жолаушыны жеткізеді.

- трамвай - үлкен жолаушыағымды магистральге қызмет көрсетеді және метро жолының жалғасы ретінде пайдаланыла алады. Трамвайдың бір жолы пойыз құрамынан қарағанда сағатына 15-тен 18 мың жолаушыға қызмет көрсетеді. Трамвай 5 мыңнан кем емес жолаушы жолаушыағымнан мақсатты пайдаланылады.

- троллейбус - трамвайды ауыстырады және одан ерекшелігі жоғары маневрлікпен ерекшеленеді және автобуспен салыстырғанда қоршаған ортаны ластамайды. Троллейбус 2 мың жолаушыдан кем емес жолаушыағымды мақсатты пайдаланылады.

Қалалар мен аймақтардың көліктік сипаттамасы:

- әкімшілік орталық;
- ішкі құрылған белдік;
- қаламаңдық белдік;
- жасыл белдік;
- аудандық ішкі белдік;
- әрекетті кеңейтілген қалалар;
- жаңадан салынған қалалар.

Тасымалдауды орындаудағы автокөлік ұйымдарының ақшалай шығындары пайдалану шығындары деп, ал есептелген бір ғана көліктік үрдісті тасымал құны және ол автокөлік құралдарының тең/(т.км), тең/т немесе тең/сағ. бұл көрсеткіштер автокөлік құралдарының жұмыс мәніне байланысты.

Құн құрылымы - жалпы пайдалану шығындары элементтері мен қатынастарының құрамы.

Автокөлік құралдарының тасымал құндылығына байланысты есеп беру құрыла отырып, келесі шығындар есептеледі:

- жүргізушілердің негізгі және қосымша еңбек жалақыларының аударылуы;
- жанар – жағар май шығыны;
- майлау және басқа да пайдалану материалдар шығыны;

- автодөңгелектер жөндеу жұмыс шығындары;
- жылжымалы құрамды қайта жабдықтаудағы амортизациялық шығындар;
- автокөлік ұйымдарының накладной шығындары.

Тасымалдауда шығын жоспары ауыспалы және тұрақты болады.

Қазіргі уақытта жүк автокөлік қызметінде еркін бағалар тарифы бекітілген. Олардың деңгейі бәсеке ортасымен тасымалдаушының шынайы (негізгі) шығындарымен анықталады. Автокөлік ұйымдарының өз клиенттерімен есептесуді орындауда ыңғайлы болуы үшін жеке тариф жүйесін жасайды, бұл тасымал көлемі, жүкті жеткізу жағдайы, жұмысты ұйымдастыру спецификациясына байланысты болады.

Автокөлік құралдары көбіне уақытша, шақырым бойынша және жасалынған немесе жүргізілген жұмыстарға байланысты тарифтерді алады.

Тақырып: Көлік жүйесінің құрылымдық сипаттамасы және оның ерекшеліктері.

Жүк тасымалы үшін автокөлік мекемелерінде жүк жылжымалы құрамы пайдаланылады: жүк автомобильдері және түрлі жүк көтерімділіктегі автомобильді тіркемелер (бортты, самосвалды, фургонды, оның ішінде изотермикалы, цистерналы және басқа да), жоғары өткішті автомобильдер, жартылай тіркемелі автомобиль-тягачтар. Көлік торабының осы бөлігі өзіндік құрылымға ие.

2.1.2-кесте. Жүк көлік құралдарының классификациясы

Шанақ типі бойынша		
жабық типті контейнерлі тентовкалы рефрижераторлы изотермикалық фургонды микроавтобусты	ашық типті бортты самосвалды контейнерлі алаң кран автотранспортер цистерна лесовоз седельный тягач (отырғыза-ілістіру)	
Топтар саны бойынша		
I топ	II топ	III топ (шартты)
бортты автомобильдер	мамандандырылған	автомобиль-цистерналы
жалпы арнаудағы автомобиль-фургон	самосвал фургондар рефрижераторлар контейнеровоздар жартылай тіркемелі седельный тягачтар тіркемелі балластный тягачтар	
Осьтердің саны бойынша		
екі осьті үш осьті төрт осьті бес және одан да көп		
Оське түсетін жүктіліктер бойынша		
6 т қоса алғанда		6 т жоғары және 10 т қоса алғанда

Бүгінгі күндері Біріккен Ұлттар Ұйымының Европалық экономикалық комиссиясының ішкі көлік Комитеті жасап қабылдаған халықаралық қауіпсіздік талаптарды қолданады. Жоғарыда көрсетілген Ережелерге сәйкес келесі халықаралық жүк автокөлік құралдарының классификациясы ұсынылады:

2.1.3-кесте. Халықаралық жүк автокөлік құралдарының классификациясы

АКҚ категориясы	АКҚ типі	Толық салмағы, т	Қосымша
1	2	3	4
№1	Жүк тасымалына арналған қозғалтқышты автокөлік құралы (АКҚ)	3,5 т дейін	Жүк автомобильдері, арнайы автомобильдер
№2	————//————	3,5 т-дан жоғары 12 т дейін	Жүк автомобильдері, автомобиль-тягачтар, арнайы автомобильдер
№3	————//————	12 т жоғары	————//————
01	Жүргізушісіз автокөлік құралдары	0,75 т дейін	————//————
02	————//————	0,75-тен 3,5 т дейін	————//————
03	————//————	3,5 т дан 12 т дейін	————//————
04	————//————	10 т жоғары	————//————

Жол регламентациясы бойынша барлық автомобильдер негізгі үш топқа бөлінеді:

- «А» тобы - жол қабаты жетілдірілген жамылғыда бір оське 10 т. дейін немесе толық салмағы 52 т. дейінгі бір оське түсетін рұқсатты автомобильдер мен автопоездар жатады.

- «Б» тобы - бір оське 6 т. дейін немесе толық салмағы 34 т. дейінгі бір оське түсетін рұқсатты автомобильдер мен автопоездар жатады.

- «Внедорожник» тобы - бір оське 10 т. артық салмақ түсіретіндер жатады. Жүк тасымалдауда арнайы анықталған маршруттарда қозғалыс жасайтын немесе жол ғимараттарында әсері шектеулі.

Өлшемдігіне байланысты автобустар ұзындығы бес топқа бөлінеді. Автокөлік қызметкерлері үшін автобустар ұзындығымен емес сыйымдылығымен өлшенеді. Төмендегі кестеде барлық бес топтағы автобустардың ұзындығына және сыйымдылығына байланысты деректер берілген: I-ерекше кіші автобустар (микроавтобустар), II-кіші, III-орташа, IV-үлкен және V-ерекше үлкен автобустар.

Жылжымалы құрам моделін таңдауда жүк автокөлік құралдарының рыноктағы орнымен анықталады.